

Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы, Ресей Федерациясындағы, Америка Құрама Штаттарындағы және Түрік Республикасындағы елшілігінің жанынан әскери атташе лауазымын енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 10 қыркүйек 1993 ж. N 862

Қытай Халық Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Америка Құрама Штаттарымен және Түрік Республикасымен әскери саладағы ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Ресей Федерациясындағы, Америка Құрама Штаттарындағы және Түрік Республикасындағы елшілігінің жанынан әскери атташе лауазымы енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісе отырып, 2 ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Қазақстан Республикасы Елшілігі жанындағы әскери атташе туралы Ережені бекітуге табыс етсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан

Республикасы болған мемлекеттердегі елшілігі жанындағы әскери атташенің жұмысы үшін тиісті жағдайды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы, Ресей Федерациясындағы, Америка Құрама Штаттарындағы және Түрік Республикасындағы елшілігінің жанындағы әскери атташенің қызметін қаржымен қамтамасыз ету мәселесін шешетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК